

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2018 жылғы «28» желтоқсандағы
№ 896 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің
2019 – 2021 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық
бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға
конкурстық құжаттамасы**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 2019 – 2021 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға конкурстық құжаттамасы 2019 – 2021 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға конкурсқа (бұдан әрі – Конкурс) қатысу үшін өтінімдерді дайындау мақсатында әзірленді.

Конкурстық құжаттама «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидасына (бұдан әрі – Сараптаманы жүргізу қағидасы) сәйкес әзірленді.

2. Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігінің 2017 – 2020 жылдарға арналған стратегиясын іске асыруға бағытталған 2019 – 2021 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламалар (іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер) бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша өткізіледі.

3. Конкурстың мақсаты – ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ғылыми-техникалық әлеуеттің деңгейін және ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының, сондай-ақ ғалымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ғылыми зерттеулерді жүргізуге 2019 – 2021 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды бөлу.

4. 2019 жылға арналған қаржыландырудың жалпы сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның отырысында айқындалады. 2020 – 2021 жылдарға арналған сома тиісті қаржы жылына арналып бекітілген қаржыландыру көлеміне сәйкес нақтыланатын болады.

2-тарау. Басым және мамандандырылған ғылыми бағыттардың атаулары

5. Зерттеудің басым бағыты ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс болып табылады, ол мынадай мамандандырылған бағыттардан тұрады:

1) іргелі ғылыми зерттеулер – мемлекеттің әскери ұйымын дамыту;

2) қолданбалы ғылыми зерттеулер:

қару-жарақ пен әскери техниканы технологиялық жетілдіру және жаңғырту;

цифрландыру мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің факторы және құралы ретінде;

әскери қызметшілердің тамақтану рационаын жаңғырту саласындағы зерттеулер.

3-тарау. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға өтінімнің нысанына мен мазмұнына қойылатын талаптар, қаржыландыру көлемі мен шарттары

6. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға өтінім мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада, бұл ретте әрбір дана қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынылады.

7. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға өтінім мәтімінің мазмұны мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде бірдей болуға тиіс.

8. Өтінім беруші ұсынылған ақпараттың дұрыстығына толық жауапты болады.

9. Конкурсқа қатысуға өтінімдер осы конкурстық құжаттамаға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ресімделеді. Өтінімге ілеспе хат, өтініш және бағдарламаның қысқаша сипаттамасы 3-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша жасалады.

10. Сараптаманы жүргізу қағидасы 10-тармағынның шарттарына сәйкес өтінімдердің жеке тіркеу нөмірі (бұдан әрі – ЖТН) болуға тиіс.

ЖТН-ны алу үшін Конкурс жарияланған сәттен бастап тапсырыс берушінің өтінімді қабылдауының соңғы мерзіміне дейін конкурсқа қатысушылар «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-ның (бұдан әрі – Орталық) интернет-ресурсында is.ncste.kz мекенжайы бойынша Орталықтың ақпараттық жүйесінде өтінімнің электрондық нұсқасын қоса салумен өтінімдерді тіркейді. Орталықтың ақпараттық жүйесінде тіркелген өтінімдердің электрондық нұсқалары қағаз нұсқасымен бірдей болуға тиіс.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайды.

11. Өтінімдер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери ғылым және инновациялар басқармасына жолданады.

12. ЖТН Орталықтың ақпараттық жүйесінде тіркелгеннен кейін өтінімнің қағаз нұсқасының бірінші бетіне қойылады.

13. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға өтінім үш жылдан аспайтын бағдарламаны іске асыру мерзімі туралы ақпаратты қамтуға тиіс.

14. Өтінім тігіледі және қағаз пломбамен бекітіледі, онда тігілген және нөмірленген парақтар саны туралы жазба жасалады және ол дөңгелек мөрмен өтінім берушінің уәкілетті адамының қолтаңбасымен (заңды тұлғалар үшін) немесе жеке тұлғаның қолтаңбасымен куәландырылады.

15. Өтінім оның жария болуы өтінім берушінің авторлық және/немесе өзге де құқықтарына әлеуетті залал келтіруі мүмкін мемлекеттік және коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты қамтымауға тиіс.

16. Өтінімнің мазмұны мынадай бөлімдерді қамтуға тиіс:

- 1) жалпы ақпарат;
- 2) бағдарламаның сипаттамасы;
- 3) зерттеу әдістері және этикалық мәселелер;
- 4) бағдарламаны жоспарлау және басқару;
- 5) зерттеу тобы;
- 6) зерттеу ортасы;
- 7) күтілетін нәтижелер;
- 8) библиография;
- 9) қосымшалар.

17. Өтінімдер өтінім берушіге қайтарылуға жатады:

- 1) ЖТН болмаған кезде;
- 2) конкурстық құжаттаманың талаптарын бұзумен ресімделген;
- 3) толық көлемде ұсынылмаған;
- 4) плагиат бар болған және өтінімнің тақырыбы немесе мазмұны бұрын немесе бір уақытта берілген мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектілерімен қайталанған кезде (бұл ретте дәлелдер, негіздемелер, оның ішінде техникалық құралдарды қолданумен және мамандандырылуы мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектісіне сәйкес келетін тәуелсіз мамандарды тартумен келтірілуге тиіс);

5) конкурсқа қатысушыда ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккредиттеу туралы куәлік болмаған кезде;

б) егер өтінімнің электрондық нұсқасы қағаз нұсқасына сәйкес келмеген жағдайда;

7) әртүрлі тілдердегі өтінімдер бірдей болмаған кезде;

8) бұрын мемлекеттік бюджет қаражатынан қаржыландырылған немесе қаржыландырылатын бағдарламалар бойынша өтінімдер.

4-тарау. Әлеуетті орындаушыларға қойылатын біліктілік талаптары, өзге де мәліметтер және ерекше талаптар, жеке әріптес тарапынан қоса қаржыландыру көлемі мен шарттары

18. Конкурсқа аккредиттелген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері, сондай-ақ білім берудің автономдық ұйымдары мен олардың ұйымдары, оның ішінде бірлесіп орындаушылар ретінде қатысады.

19. Бағдарлама жетекшісінде кемінде 5 (бес) жыл ғылыми зерттеулер тәжірибесі, ғылыми дәрежесі (ғылым докторы/ғылым кандидаты) немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі болуға тиіс.

20. Жеке тұлға (зерттеу тобының мүшелері қатарынан), оның ішінде ұйым басшылары біреуден аспайтын бағдарламада ғылыми жетекші ретінде болуға құқылы, бұл ретте оның осы конкурс шеңберінде өзге де бағдарламаларға орындаушы ретінде қатысуына жол берілмейді.

21. Ғылыми жетекші болып табылмайтын жеке тұлға (зерттеу тобының мүшелері қатарынан) осы конкурс шеңберінде біреуден аспайтын бағдарламада орындаушы ретінде болуға құқылы.

22. Бағдарлама орындаушыларының кемінде 30 %-ы 35 жасқа дейін қоса алғанда, жас ғалымдар, оның ішінде PhD докторанттары, магистранттары болуға тиіс.

23. Жеке ғимараты бар, дербес мамандандырылған ғылыми-зерттеу институттары, жетекші университеттер және олардың еншілес кәсіпорындары қазіргі заманғы аспаптармен және жабдықпен жарақтандырылған және жоғары білікті ғылыми кадрлар басым құқықты пайдаланады.

24. Күтілетін нәтижелер бағдарламаны іске асыру шеңберінде сұрау салынатын қаржыландыру көлеміне сәйкес келісілген және негізделген болуға тиіс.

25. Қаржыландыруға мақұлданған бағдарламаларды іске асыру Қазақстан Республикасында жүзеге асырылуға тиіс. Іске асырылатын бағдарлама шеңберінде зерттеу тобының мүшелері қажет болған жағдайда халықаралық конференцияларға қатыса алады немесе жетекші шетелдік ғылыми орталықтарда және ұйымдарда немесе шетелдік ғылыми зертханаларда шетелдік ғылыми тағылымдамадан өте алады. Бағдарлама жетекшісі Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс.

26. Бөлінетін қаржыландыру көлемі сұрау салынатын қаржыландыруға сәйкес айқындалады.

27. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қаражаты Конкурсқа қатысуға өтінімде көрсетілген ғылыми зерттеулерді жүргізуге тікелей байланысты шығыстарға бағытталуға тиіс. Шығыс түрлері осы Конкурстық құжаттамаға 2-қосымшада көрсетілген шығыстардың түрлеріне сәйкес келтірілуіне тиіс.

28. Өтінім беруші заңнамада белгіленген тәртіппен есепке алуды және есептілікті жүргізуді қамтамасыз етеді.

29. Барлық кезең үшін ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыру қорытындылары бойынша мынадай нәтижелер алынуға тиіс:

1) бағдарламалар бойынша жарияланды:

табиғи, медициналық, нақты және техникалық ғылымдар саласында:

іргелі зерттеулер үшін: нөлдік емес импакт-фактормен Web of Science немесе Scopus дерекқорында индекстелетін рецензияланатын шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде төрт мақала, сондай-ақ нөлдік емес импакт-фактормен ғылыми рецензияланатын шетелдік және отандық басылымдарда кемінде үш жарияланым;

қолданбалы зерттеулер үшін: Web of Science немесе Scopus нөлдік емес импакт-факторлы мәліметтер базасында индекстелетін рецензиялы шетел ғылыми басылымында кемінде үш мақала, немесе көрсетілген мәліметтер базасында кемінде екі мақала және кемінде екі қорғау құжаты, сондай-ақ рецензияланатын шетел және отандық нөлдік емес импакт-факторлы ғылыми басылымдарда кемінде үш жарияланым;

2) техникалық, табиғи, медициналық ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер бағдарламалары бойынша (патентке қабілетті бағдармалар бойынша) қорғау құжаттары алынды;

3) қолданбалы зерттеулер бағдарламалары бойынша нәтижелер практикаға енгізілді, тәжірибелік-өнеркәсіптік сынаулар жүргізілді (мүмкіндігінше);

4) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бағыты бойынша PhD докторантының кемінде бір диссертацияны орындауы (мүмкіндігінше).

30. Зерттеулер, монографиялар және басқа да ғылыми жұмыстар нәтижелері жарияланған кезде, бағдарлама барысында және/немесе ол аяқталғаннан кейін авторлар оның нөмірін көрсетумен бағдарлама бойынша алынған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға сілтеме жасауы қажет.

31. Ғылыми зерттеулер нәтижелері стратегиялық маңызды мемлекеттік міндеттерді шешу мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында алынған жаңа білім және шешім түрінде ұсынылады және кез келген ақпараттық жеткізгіште тіркеледі (жарияланым, қорғау құжаттары, оның ішінде патенттер, жаңа технологиялар, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік өнеркәсіптік әзірлемелер, жаңа заттар, материалдар, препараттар, құралдар, жаңа географиялық, геологиялық және басқа карталар, жаңа перспективалық алаңдар және/немесе пайдалы қазбалар кен орындары және жерасты сулары учаскелері, сондай-ақ ерекше қорғалатын аумақтар).

32. Бағдарламаның аңдатпасын және ол бойынша ғылыми есеп беруді (баспа және/немесе электрондық нысанда) жариялау құқығы. Өтінім берушінің және/немесе автордың келісімін сұратусыз Орталыққа беріледі.

33. Бағдарлама шеңберінде алынған ғылыми зерттеулер нәтижелері заңнамада белгіленген тәртіппен Орталықта міндетті мемлекеттік есепке алынуға тиіс.

34. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға ғылыми және (немесе) конкурс жеңімпаздарымен ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға шарт өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін осы Конкурстық құжаттамаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

2019 – 2021 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға конкурстық құжаттамаға
1-қосымша

Конкурсқа қатысуға арналған өтінім нысанына қойылатын талаптар

1. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ілеспе хат;

2) бағдарлама бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы, сондай-ақ ғылыми этика қағидаттарын сақтау, атап айтқанда ғылыми этиканы бұзу фактілеріне (ғылыми деректерді жалған жасап шығару, зерттеу деректерін бұрмалауға, плагиатқа және жалған тең авторлыққа, қайталауға, өзгелердің нәтижелерін иемденуге әкелетін ойдан шығару, бұрмалау, және т.б.) жол бермеу, бұрын мемлекеттік бюджеттен қаржыландырудың болмауы туралы өтініш.

Бағдарлама ғылыми жетекшісінің ғылыми зерттеулер тәжірбиесінің бар болуы туралы кепілдігі кемінде бес жыл.

Бағдарлама бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті, оның ішінде іске асырылатын бағдарлама шеңберінде оларды сатып алу және жалға алу жоспарланған ғылыми жабдықты, материалдар мен лицензияларды ескере отырып, материалдық-техникалық базаның бар болуы мен қолжетімділігіне кепілдік;

3) Бағдарламаның қысқаша сипаттамасы;

4) конкурсқа қатысуға өтінім;

5) Өтініш берушіні аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі;

6) қажетті, сонымен қатар қаржы (бірлесіп қаржыландыру бағдарламалар жағдайда) ресурстармен бағдарламаларды жеке қамтамасыз етуді жүзеге асыру үшін жеке серіктестік тарапынан бірлесіп қаржыландыруды тарту туралы мәліметтер. Тараптар ниетін растау оларды іске асыру мерзімдері мен салым сомасын көрсетумен бірлесіп қаржыландыру туралы келісім болып табылады.

2. Ілеспе хат мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады, заңды тұлғаны (заңды тұлғалар үшін) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың, аккредиттеу туралы куәліктің, бірлесіп қаржыландыру туралы көшірмелерімен бірге тігіледі, тігілген және нөмірленген парақтар саны туралы жазба жазылатын қағаз пломбамен бекітіледі. Конкурсқа қатысушының уәкілетті адамы қолтаңбасын қояды және мөр бедері (бар болған жағдайда) қойылады.

3. Өтінімнің, ілеспе хат пен қысқаша сипаттаманың мәтіні нақты тұжырымдалған және мынадай параметрлерді ескере отырып, бірдей қаріппен терілуге тиіс («Microsoft Word» мәтіндік редакторын қолданумен):

1) сол жақ жиегі – 2,5 см, оң жақ жиегі – 1,5 см, үстіңгі және астыңғы жиегі – 2 см;

2) қаріп – «TimesNewRoman», өлшемі 12 (қосымшаларда өлшемі кіші, бірақ 10-нан кіші емес қарпі қолданылуы мүмкін);

3) жоларалық аралық – біреу;

4) абзац шегінісі (бірінші жол шегінісі) – 1,25 см;

5) тақырып пен мәтін, мәтін және қолтаңба арасындағы аралық – жоларалық бір аралық;

6) өтінім және оған қосымшалардың парақтары нөмірленуге тиіс;

7) өтінімнің электрондық нұсқасы мен бағдарламаның қысқаша сипаттамасы Microsoft Word форматында (*.DOC немесе *.DOCX) мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленеді, бұл ретте өтінім атауы бағдарлама тақырыбының алғашқы бес сөзін пайдаланумен көрсетіледі.

4. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға өтінімнің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтінінің мазмұны бірдей болуға тиіс.

Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға өтінімнің электрондық нұсқасы (диск-жеткізгіште, сондай-ақ ЖТН алу үшін өтінімді тіркеу кезінде «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-ның ақпараттық жүйесіне енгізілген), бағдарламаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ ілеспе хат олардың қағаз нұсқасымен бірдей болуға тиіс.

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға өтінімдердің электрондық нұсқалары, ілеспе хат және бағдарламаның қысқаша сипаттамасының жалпы көлемі он мегабайттан аспауға тиіс.

Белгіленген тәртіппен бөлек тігілетін конкурсқа қатысуға өтінімнен басқа осы талаптардың 1-тармағына сәйкес дайындалған құжаттама белгіленген тәртіппен тігіледі.

Барлық құжаттарды 2 данада ұсыну қажет. Электрондық жеткізгіштер конверттерге салынып, қағаз тігетін папканың ішкі жағынан бекітіледі.

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға өтінім

1. Жалпы ақпарат

1. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама (бұдан әрі – бағдарлама) тақырыбының атауы.
2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы.
3. Өтінім берілетін мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы.
4. Бағдарламаның басталуы мен аяқталуының болжамды күні және оның ұзақтығы.
5. Ғылыми зерттеу саласындағы атау (токсикология, оптика, робототехника және т.б.).
6. ҒТЗ Мемлекетаралық рубрикатор коды (xx.xx.xx; xx.xx;...).
7. Зерттеу түрі (эксперименттік емес, іргелі эксперименттік, қолданбалы зерттеулер, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар).
8. Бағдарламаны іске асыру орны.
9. Бағдарламаны іске асырудың барлық мерзіміне және жылдар бойынша сұрау салынатын қаржыландыру сомасы, мың теңге (бірақ іс-шараға бөлінген қаржыландыру сомасынан астам емес).

2. Бағдарламаның сипаттамасы

10. Кіріспе бөлім (100 сөзден аспайды)
Бөлімде бағдарламаның негізгі қатысушылары (орындаушы ұйым, бағдарламаның ғылыми жетекшісі), ұйымның және ғылыми жетекшінің біліктілігі туралы қысқаша ақпарат көрсетіледі.
11. Бағдарламаның мақсаты
Нысаналы бағдарлама іс-шараларын _____ іске асыру.
12. Бағдарламаланың міндеттері (500 сөзден аспайды)
Осы бөлімде бағдарламаның мақсатына қол жеткізу тәсілі, оларды іске асыруды, күтілетін нәтижелерді қысқаша түсіндірумен қойылған міндеттер сипатталады.
13. Ғылыми жаңашылдық және бағдарламаның маңыздылығы (2000 сөзден аспайды)
Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:
 - 1) бағдарламаны әзірлеуге ғылыми негіз, зерттелетін тақырыпқа қатысты әлемде жүргізілген алдыңғы ғылыми зерттеулерге міндетті түрде шолу жасай отырып, ғылыми жаңашылдық негіздемесі және олардың осы бағдарламамен өзара байланысы (контексте шолуда пайдаланылған әдебиетке сілтемелер көрсетілуге тиіс, олардың толық жазылуы «Библиография» деген 8-бөлімде ұсынылуға тиіс). Бар болған кезде алдын ала нәтижелер көрсетіледі;
 - 2) зерттеудің нысаналы бағдарламаның іс-шарасына сәйкестігі, тиісті білім салаларының тренділерін қамтитын ғылыми және технологиялық мұқтаждарға шолу жасаумен (қажет болған кезде әлеуметтік сұранысты және (немесе) экономикалық және индустриялық мүдделілік қамтылсын) оның ұлттық және халықаралық ауқымдағы маңыздылығы;
 - 3) қандай да бір технологиялық міндетті/проблеманы шешуге бағытталған зерттеулер, алынған нәтижелердің ғылым мен технологияның дамуына ықпал етуі және күтілетін әлеуметтік және экономикалық нәтиже.
14. Осы бөлімді сипаттаған кезде мынадай позицияларға назар аудару ұсынылады:

1) бағдарлама идеяларының қолданыстағы ұқсастықтардан қағидаттық айырмашылығына сипаттама беру қажет;

2) егер зерттеу идеясы немесе нәтижесі әлемде бар, бірақ Қазақстанда жоқ болса, бағдарламаға салымдар нәліктен тиімді екенін негіздеу қажет;

3) егер бағдарламаның түпкілікті нәтижесі өнім болса, отандық және шетелдік өндірушілердің жетістіктері туралы деректерді келтіре отырып, бағдарламаның пәндік саласында қазіргі уақытта қалыптасқан техника деңгейін сипаттау қажет;

4) ғылыми-техникалық бағдарламалар үшін бағдарламаға негіз болған технологиялар, бәсекелес және/немесе баламалы технологиялар бойынша зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы озық топтарды көрсету қажет.

3. Зерттеу әдістері және этика мәселелері (1500 сөзден аспайды)

15. Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) бағдарламада пайдаланылатын ғылыми әдістерді қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерінің негіздемесі, таңдалған тәсілдің негіздемесі ретінде сипаттау;

2) бағдарламаны іске асырудың сыни нүктелері, балама жолдары;

3) бағдарлама шеңберінде пайдаланылатын ғылыми этика қағидаттары мен нормаларының, яғни басқару, атап айтқанда, жоғары зияткерлік адалдық стандарттарын қолдау және деректердің жалған берілуіне және бұрмалануына, плагиатқа, жалған тең авторлыққа, жекелеген қатысушылардың ұжымдық зерттеулерді, басқа қатысушылардың келісімінсіз зерттеулерден алынған деректер мен тұжырымдарды пайдалануына жол бермеу этикалық рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз ету тәсілдері;

4) зерттеу нәтижелеріне зияткерлік меншік құқықтарын ресімдеу және бөлу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қандай тәсілі таңдалатынын көрсету қажет).


4. Бағдарламаны жоспарлау және басқару (1500 сөзден аспайды)

16. Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) зерттеу тобының құрамын, олардың ұстанымдарын, біліктіліктерін және бағдарламадағы жұмыс бағыттарын сипаттау;

2) бағдарлама кезеңдерін, қойылған міндеттерді, олардың маңыздылығының негіздемесін және бағдарламаның мақсатына сәйкестігін, бекітілген нысаналы индикаторлармен және көрсеткіштермен өзара байланысты, Гант диаграммасын (қойылған міндеттер* уақыты (аймен) қамтитын жұмыс жоспары).

Екі жылдық бағдарламаға арналған Гант диаграммасының үлгісі:



Күнтізбелік жоспар

P/c №	Кіші бағдарламалар (бар болған кезде), міндеттердің, бағдарлама міндеттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар атауы	Ұзақтығы (аймен)	Жұмыстарды орындаудың басталуы мен аяқталуы* (күні/айы/ жылы)	Бағдарламаны іске асыру жылдары, бағдарламаны іске асырудың күтілетін нәтижелері, кіші бағдарламалар (бар болған кезде), (міндеттер мен іс-шаралар бөлігінде)		
				2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
1.	Кіші бағдарлама атауы (бар болған кезде)			күтілетін нәтижелер	күтілетін нәтижелер	күтілетін нәтижелер
1.1	Міндет атауы			күтілетін нәтижелер		
1.1.1	Іс-шара атауы			күтілетін нәтижелер		
1.1.2	Іс-шара атауы			күтілетін нәтижелер		
1.2.	Міндет атауы				күтілетін нәтижелер	
1.2.1	Іс-шара атауы				күтілетін нәтижелер	
1.2.2	Іс-шара атауы				күтілетін нәтижелер	
1.3.	Міндет атауы					күтілетін нәтижелер
1.3.1	Іс-шара атауы					күтілетін нәтижелер
1.3.2	Іс-шара атауы					күтілетін нәтижелер
2.	Кіші бағдарлама атауы (бар болған кезде)			күтілетін нәтижелер	күтілетін нәтижелер	күтілетін нәтижелер
2.1	Міндет атауы			күтілетін нәтижелер		
2.1.1	Іс-шара атауы			күтілетін нәтижелер		
2.1.2	Іс-шара атауы			күтілетін нәтижелер		
2.2	Міндет атауы				күтілетін нәтижелер	
2.2.1	Іс-шара атауы				күтілетін нәтижелер	
2.2.2	Іс-шара атауы				күтілетін нәтижелер	
2.3	Міндет атауы					күтілетін нәтижелер

2.3.1	Іс-шара атауы					күтілетін нәтижелер
2.3.2	Іс-шара атауы					күтілетін нәтижелер

*Ескертпе: * - күнтізбелік жоспарда мереке күндері көрсетілмесін*

3) бағдарламаны іске асырудың әр жылын және шығыстар сметасын міндетті түрде ашып жазумен бағдарламаның жалпы құнының (мың теңгеде) негіздемесі. Бағдарламаның бюджеті осы бағдарламаға байланысты емес өзге де шығыстар құжаттарына бағытталмайды. Барлық шығыстар құжаттарының жалпы сомасы қаржыландыру үшін сұратылатын соманы білдіреді және «Жалпы ақпарат» деген бөлімнің 9-тармағында мәлімделген сомаға баламалы болуға тиіс.

Бағдарламаға Ұлттық ғылыми кеңестің шешімі негізінде бюджет бойынша бөлуге өзгерістер енгізілуі мүмкін.

17. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шығыстар құжаттарына мыналар енгізілуі мүмкін:

1) жалақы – барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуді қоса алғанда, ғылыми зерттеуді жүргізуге қатысатын зерттеу тобы мүшелерінің еңбегі үшін сыйақы;

2) ғылыми іссапарлар – зерттеулер жүргізуге байланысты іссапарлар оларды өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген іссапар шығыстарын өтеу нормаларынан аспауға тиіс;

3) басқа ұйымдар көрсететін қызметтер – зерттеулерді орындау үшін қажетті ұжымдық пайдаланылатын ғылыми зертханалардың, өзге де зертханалардың, басқа да ұйымдардың көрсетілетін қызметтері, оның ішінде конференцияларға қатысу үшін ұйымдық жарналар.

Бұл ретте басқа ұйымдар ретінде тартылған (үшінші адамдар) ғылыми-зерттеу жұмысын орындайтын өзге де ұйымдар, әдетте аккредиттелген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері болуға тиіс.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауды қамтитын (аутсорсинг) басқа да ұйымдардың көрсетілетін қызметтері жұмыстардың түрлері, көлемі, күтілетін нәтижелері бойынша жұмыстың орындаушыларын және ашылып жазылуын көрсетумен ұсынылады.

Басқа да ұйымдардың көрсетілген (үшінші адамдардың) қызметтеріне шығыстар бағдарламаны қаржыландырудың жалпы көлемінің жиынтығынан 30 (отыз) %-дан аспауға тиіс.

4) материалдар сатып алу – зерттеулерді жүргізу үшін шығыс материалдарын сатып алу;

5) жабдық пен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу (заңды тұлғалар үшін);

6) ғылыми-ұйымдық сүйемелдеу – жарияланымдарды дайындауға және іске асырылатын бағдарлама бойынша ғылыми зерттеулер нәтижелерін жариялауға арналған шығыстар, іске асырылатын бағдарлама бойынша алынған нәтижелерді патенттеу; талдау материалдарын сатып алу, сондай-ақ бағдарламаны сүйемелдеу бойынша өзге де көрсетілетін қызметтер;

7) егер өтінім беруші жеке тұлға болып табылған жағдайда үй-жайларды жалға алу;

8) зерттеулерді жүргізу үшін жабдық пен техниканы жалға алу;

9) зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдық пен техниканы ұстауға арналған пайдалану шығыстары.

Шығыстар құжатының үлгісі

Шығыстар құжатының атауы	2019 жылға арналған шығыстар, мың теңге	2020 жылға арналған шығыстар, мың теңге	2021 жылға арналған шығыстар, мың теңге	Бағдарламаны іске асырудың барлық мерзіміне шығыстар (мың теңге)
Жалақы				

Ғылыми іссапарлар				
Басқа ұйымдар көрсететін қызметтер				
Материалдар сатып алу				
Жабдық пен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу (заңды тұлғалар үшін)				
Ғылыми-ұйымдық сүйемелдеу бойынша шығыстар				
Үй-жайларды жалға алу (жеке тұлғалар үшін)				
Жабдық пен техниканы жалға алу				
Жабдық пен техниканы пайдалану шығыстары				
Жиыны				

5. Зерттеу тобы (1000 сөзден аспайды)

18. Бөлім ғылыми жетекші және бағдарламаның негізгі орындаушылары туралы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) түйіндеме және ғылыми негіз (мұнда ғылыми жетекшінің және бағдарламаның негізгі орындаушыларының (бірлесіп орындаушыларының) қысқаша түйіндемесі беріледі және мәлімделген зерттеудің бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен қандай байланысы бар екені сипатталады);

2) бағдарламаның тақырыбына қатысты бес негізгі жарияланым туралы мәліметтер;

3) патенттер, басқа да қорғау құжаттары туралы мәліметтер;

4) негізгі жарияланымдар (10-ға дейін), патенттер және авторлық куәліктер, басқа да қорғау құжаттары;

5) бағдарламадағы жұмыстар мен жұмыспен қамту мерзімдерінің сипаттамасы;

6) бағдарламаның ғылыми жетекшісі зерттеу тобының кемінде 70 % жоспарланып отырған штатының (негізгі персонал) дербес деректерін көрсетеді, штаттың басқа 30%-ы (көмекші персонал) қаржыландыру басталғаннан кейін бағдарламаға тартылады.

6. Зерттеу ортасы (500 сөзден аспайды)

19. Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) зерттеу жүргізу үшін өтінім берушіде бар материалдық-техникалық базаның сипаттамасы (зерттеулер жүргізу үшін қажетті жабдықтың, аспаптардың, мүкәммалдың, сондай-ақ ғылыми персоналдың бар болуы);

Өтінім берушіде бар материалдық-техникалық базаны сипаттаудың үлгісі

Р/с №	Жабдық, аспап, керек-жарак түрі	Жабдық, аспап, керек-жарак арналуы	Моделі және шығарылған жылы	Қолда бар бірлік саны	Жай-күйі (жаңа, жақсы, нашар)	Меншікті, жалға алынған (кімнен)

зерттеу жүргізу үшін басқа ұйымда (-дарда) (үшінші адамдарда) бар материалдық-техникалық базаның сипаттамасы (зерттеулер жүргізу үшін қажетті жабдықтың, аспаптардың, мүкәммалдың, сондай-ақ ғылыми персоналдың бар болуы)**;

*Зерттеулерді орындау үшін қажетті басқа ұйымда (-дарда) (үшінші адамдарда) бар материалдық-техникалық базаны сипаттау үлгісі***

Р/с №	Басқа ұйым (-дар) атауы	Жабдық, аспап, керек-жарақ түрі	Жабдық, аспап, керек-жарақ арналуы	Моделі және шығарылған жылы	Қолда бар бірліктер саны	Жай-күйі (жаңа, жақсы, нашар)	Меншікті, жалға алынған (кімнен)

Ескертпе: ** - басқа ұйым (-дар) (үшінші адамдар) бар болған кезде толтырылады.

2) түсіндірмелермен отандық және шетелдік зерттеу инфрақұрылымдарын (зертханаларды) пайдалану;

3) негізгі отандық және халықаралық байланыстар, шетелдік ғалымдардың бағдарламаға қатысуы;

4) жас ғалымдардың, PhD-докторанттардың, өндірістен инженерлердің бағдарламаға қатысуы;

5) ұтқырлықтың негіздемесі: бағдарламаны іске асыру үшін басқа жердегі жұмысқа қатысудың және оның кезеңдерінің ықпал етуі.

7. Күтілетін нәтижелер (250 сөзден аспайды)

20. Бөлімде мынадай ақпарат көрсетіледі:

1) бағдарлама нәтижелері нысаналы бағдарлама іс-шарасын іске асыруға, нысаналы бағдарламаның нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштеріне қол жеткізуге қалай ықпал ететіні;

2) күтілетін ғылыми және әлеуметтік-экономикалық нәтиже;

3) алынған ғылыми нәтижелердің қолданылуы; ұсынылатын өнімді/ технологияны нарыққа толық шығару үшін қандай іс-шаралар қажет екені;

4) алынған нәтижелерді нысаналы тұтынушылар;

5) тәуекелдерді қамтитын серпінді нәтижелер үшін мүмкіндіктер; ғылым мен технологиялардың дамуына ықпал етуі;

6) шетелдік рейтингтік ғылыми журналдарда жарияланымдарды жүзеге асыру (бағдарлама шеңберінде жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижелерінің жариялануы болжанады ма және қайда жарияланады), әлеуетті пайдаланушы, ғалымдар қоғамдастығы және кең жұртшылық арасында жұмыстар нәтижелерін тарату;

7) патент алу.

8. Библиография

21. Бөлімде осы өтінімнің «Бағдарламаның сипаттамасы» деген 2-бөлімінің «Бағдарламаның ғылыми жаңашылдығы мен маңыздылығы» деген 4-тармағында сілтемелер көрсетілген жарияланымдар көрсетіледі.

Әрбір жарияланым журналдың толық атауын, басылым нөмірін, басып шығарылған жылын, беттер нөмірлерін, мақаланың толық атауын, мақаланың барлық авторларының аттарын қамтуға тиіс.

9. Қосымшалар

22. Куәліктің көшірмесі не уәкілетті органның ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккредиттеу туралы бұйрығынан үзінді.

2019 – 2021 жылдарға арналған ғылыми
және (немесе) ғылыми-техникалық
бағдарламалар бойынша бағдарламалық-
нысаналы қаржыландыруға конкурстық
құжаттамаға
3-қосымша

Ілеспе хат

(жеке тұлға өтінім берген кезде тіркеу нөмірі, ұйым басшысының немесе өтінім берушінің колтаңбасы бар фирмалық бланкіде)

1. Конкурс атауы.
 2. Конкурстың мәні болып табылатын басым және мамандандырылған ғылыми бағыттардың атауы.
 3. Бағдарлама тақырыбының атауы (3 тілде).
 4. Ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық топтамасының коды (FTAMAT) (xx.xx.xx; xx.xx.xx;...).
 5. Ғылыми зерттеу саласының атауы (мысалы: токсикология, оптика, робототехника және т.б.).
 6. Зерттеу түрі (іргелі, қолданбалы зерттеулер, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар).
 7. Сұрау салынатын қаржыландыру сомасы (Бағдарламаны іске асырудың барлық мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңге).
 8. Бағдарламаны іске асыруды бастау мен аяқтаудың болжамды күндері.
 9. Бағдарламаны іске асыру мерзімі (айлар бойынша).
 10. Бағдарламаланы іске асыру орны.
 11. Құны 4000 АЕК астам сатып алынатын жабдықты, аспапты, мүкәммалды орналастыру орны туралы мәліметтер (мемлекеттік емес ұйымдар үшін).
 12. Өтінім берушінің дербес деректері:
Жеке тұлғалар үшін – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, үй мекенжайы, ЖСН, байланыс деректері (мобильді телефон, e-mail).
Заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның толық атауы, заңды мекенжайы, БСН, байланыс деректері (телефон, e-mail).
 13. Бағдарламаны іске асыратын ұйым басшысының дербес деректері: тегі, аты, әкесінің аты, үй мекенжайы, байланыс деректері (телефон, e-mail).
 14. Бағдарламаның ғылыми жетекшісі туралы мәліметтер:
 - 1) тегі, аты, әкесінің аты, үй мекенжайы, ЖСН, байланыс деректері (телефон, e-mail), ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (бар болған жағдайда), жұмыс орны, және атқарып отырған лауазымы;
 - 2) соңғы үш жыл ішінде бағдарламаның ғылыми жетекші ретінде болған ішінде бағдарламалар/жобалар туралы деректер (ғылыми зерттеудің тақырыбы, зерттеуді жүргізу мерзімі мен орны, қаржыландыру көзі, бағдарламалардың/жобалардың аяқталу деңгейі);
 - 3) осы бағдарламаны іске асыру сәтінде ғылыми жетекші қатысатын барлық бағдарламалар/жобалар (бар болған жағдайда) туралы деректер (ғылыми зерттеудің тақырыбы, қаржыландыру нысаны, басым және мамандандырылған ғылыми бағыттар, өтінім берушінің атауы, бағдарламадағы/жобадағы ролі, уақыт жүктемесінің пайызы).
- Өтінім берушінің атынан
құжаттарға қол қоюға өкілеттігі
бар адамның лауазымы

қолы /Т.А.Ә./
(М.О.)

немесе өтінімді жеке тұлға берген кезде
өтінім берушінің Т.А.Ә.

(қолы, нотариат куәландырған)

Бағдарламаның ғылыми жетекшісі

қолы /Т.А.Ә./

ӨТІНІШ

Біз,

ұйым басшысының Т.А.Ә., оның атауы (немесе жеке тұлға) және ғылыми жетекшінің
Т.А.Ә. көрсетіледі

бағдарламасы шеңберінде
(бағдарлама тақырыбының, басым және мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы)

телефоны және e-mail өкілімен өтініш берушінің Т.А.Ә. ЖСН

Бағдарлама бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына, сондай-ақ ғылыми этика қағидаттарын сақтауға, атап айтқанда ғылыми этиканы бұзу фактілеріне (ғылыми деректердің жалғандығы, зерттеу деректерін бұрмалауға әкеп соқтыратын жасандылық, плагиат және жалған тең авторлық, қайталау, бөтен нәтижелерді иемдену және т.б.) жол бермеуге кепілдік береміз. Бұрын осы жоба мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылмаған. Бағдарлама ғылыми жетекшісінің ғылыми зерттеулерде кемінде бес жыл тәжірибесінің бар екеніне кепілдік береміз.

Бағдарлама бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті, оның ішінде іске асырылатын бағдарлама шеңберінде оларды сатып алу және жалға алу жоспарланған ғылыми жабдықты, материалдар мен лицензияларды ескерумен, материалдық-техникалық базаның бар болуы мен қолжетімділігіне кепілдік береміз.

Біз, осы Өтінішке қол қоя отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықты (мәліметтер дұрыс болмаған жағдайда) өзімізге қабылдаймыз.

Негізгі заттар тізбесі кестеде келтірілген (оларды іске асыру үшін негізгі заттар қажет етілетін бағдарлама бойынша)

Р/с №	Жабдық, аспап, керек-жарақ түрі	Жабдық, аспап, керек-жарақ арналуы	Модель және шығарылған жылы	Қолда бар бірліктер саны	Жай-күйі (жаңа, жақсы, нашар)	Меншікті, жалға алынған (кімнен)

Бағдарламаны қарау туралы барлық мәліметтерді уәкілетті адамға хабарлауыңызды сұраймыз.

Өтінім берушінің атынан
құжаттарға қол қоюға өкілеттігі
бар адамның лауазымы

КОЛЫ / Т.А.Ә. /
(мөр)

Бағдарламаның ғылыми жетекшісі

КОЛЫ / Т.А.Ә. /

Жобаның қысқаша сипаттамасы**1. Бағдарламаның тақырыбы****2. Бағдарлама рефераты (абстракт)**

Бөлімде бағдарлама мақсаттарын, міндеттерін, өзектілігін, қолданылатын әдіснаманы, күтілетін нәтижелер мен олардың қолданылуын, бағдарлама нәтижелері солардың мұқтажына бағытталған әлеуетті тұтынушыларды сипаттай отырып, бағдарламаның қысқаша мазмұны (250 сөзден аспайтын) көрсетіледі.

3. Негізгі сөздер

Бөлімде Бағдарламаға байланысты негізгі 10 (он) сөзге дейін көрсетіледі.

Мысалы: 1. XXX, 2. XXX, 3. XXX, 4. XXX, 5. XXX.

4. Зерттеу саласы

Бөлімде зерттеудің негізгі саласы және осы саладағы үш бағытқа дейін айқындалады.

Мысалы: Зерттеудің негізгі саласы: XXX. Бағыт: YYY, ZZZ.

Ескертпе: Бағдарламаның қысқаша сипаттамасы А4 форматындағы бір парақтан аспауға тиіс.

2019 – 2021 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға конкурстық құжаттамаға
4-қосымша

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға №__ шарт

Астана қ.

20__ жылғы «__»_____

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын, «Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі» мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 2 сәуірдегі № 188 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери ғылым және инновациялар басқармасы туралы ереженің негізінде әрекет ететін _____ тегі, А.Ә., бір жағынан, және (жеке тұлғалар үшін Т.А.Ә./ заңды тұлғалар үшін ұйымның заңды атауы), бұдан әрі Орындаушы деп аталатын, (жеке тұлғалар үшін кім берген __жылғы «__» _____/заңды тұлғалар үшін _____ жылғы «__»__ №__), берілген/бекітілген (жеке тұлғалар үшін жеке куәлік/заңды тұлғалар үшін заңды құжат) негізде әрекет ететін, (тек заңды тұлғалар үшін басшының лауазымы, тегі, А.Ә.), екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын, «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы, «2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2016 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы, «2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 775 қаулысы, «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысы, «Іске асырылатын басымдық көрсетіледі» басымдығы бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы Ұлттық ғылыми кеңестердің шешімдері (20__ жылғы «__»_____ №__ хаттама), «2019-2021 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға конкурстық құжаттаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 20__ жылғы «__»_____ №__ бұйрығы негізде төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады:

1. Шарттың мәні

1.1 Тапсырыс беруші тапсырады, ал Орындаушы 20__ жылға арналған қаржыландыру сомалары шегінде **217** «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы, **101** «Ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру» кіші бағдарламасы, **156** «Консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен зерттеулерді төлеу» ерекшелігі бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдайды:

_____ басымдығы бойынша:

1) №__ /БНҚ «_____» ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша:

1.2 Ғылыми-зерттеу жұмыстары негізгі кезеңдерінің мазмұны және орындау мерзімдері Орындаушының бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға конкурстық өтініміне сәйкес күнтізбелік жоспармен айқындалады.

1.3 Төменде аталған құжаттар және оларда ескерілген шарттар осы Шартты құрайды оның ажырамас бөлігі болып табылады:

- 1) осы Шарт;
- 2) Күнтізбелік жұмыс жоспары (1-қосымша);
- 3) Техникалық ерекшелік (2-қосымша);
- 4) бөлінген қаражатты пайдалану туралы есеп (3-қосымша).

2. Ғылыми-техникалық өнімнің сипаттамасы

2.1 Ғылыми-техникалық өнімнің біліктілік белгілері бойынша сипаттамасы және экономикалық көрсеткіштер Шартқа 1-қосымшаға сәйкес күнтізбелік жоспарлардың 2-тармағында көрсетілген.

3. Шарттың жалпы сомасы және төлеу шарттары

3.1 20__ қаржы жылына арналған Шарттың жалпы сомасы жұмыстарды орындаумен байланысты барлық шығындардың құнын қоса алғанда, барлық салықтарды және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып, _____ (сомасы ашып жазылады) теңгені құрайды.

3.2 Тапсырыс беруші Орындаушының жұмыстарын мынадай тәртіппен төлейді: Тапсырыс беруші осы Шарт Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің органдарында тіркелген сәттен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде шарт сомасының 30%-ын алдын ала төлеуді жүзеге асырады. Келесі төлем бұдан бұрын төленген авансты шегерумен жүргізіледі.

Тапсырыс беруші одан әрі төлеуді төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес Орындаушы Тапсырыс беруші белгілеген талаптарға сәйкес орындалған жұмыстар актісін ұсынғаннан кейін және Тараптар көрсетілген актілерге қол қойғаннан кейін жүзеге асырады.

Шарт бойынша түпкілікті төлем мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қорытындысы, бөлінген қаражатты пайдалану туралы есеп ұсынылғаннан, мемлекеттік ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы ұсынылған аралық (қорытынды) есептер бойынша ұлттық ғылыми кеңестердің оң шешімдері алынғаннан және орындалған жұмыстар актісіне қол қойылғаннан кейін жүргізіледі.

3.3 Қаржыландыру көзі: Республикалық бюджет.

3.4 Орындаушы және бірлесіп орындаушылар өздерінде тиісті бухгалтерлік есепті және заңнамада белгіленген тәртіппен оның кезеңдері бөлігінде орындалған жұмыстың нақты құнын талдауды қамтамасыз етуге міндетті.

3.5 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 253-бабының 4) тармағына сәйкес Орындаушы қосылған құн салығынан босатылады.

4. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

4.1 Орындаушы Шартты орындаудың жеке кезеңдерінде және ол аяқталғаннан кейін ресімдеуге және тапсыруға тиіс ғылыми, ғылыми-техникалық және басқа да құжаттаманың тізбесі Қазақстан Республикасының ғылыми-технологиялық саласында қолданылатын нормативтік құжаттарда айқындалған.

4.2 Белгіленген тәртіппен ресімделген Шарттың жекелеген кезеңдері бойынша құжаттаманы беру орындалған жұмыстардың аралық және түпкілікті актілері бойынша жүзеге асырылады.

4.3 Орындаушы Тапсырыс берушіге есептік жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей МЕМСТ 7.32-2001 бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы аралық (жылдық) есеп беруді (не жобаны іске асырудың соңғы жылына қорытынды есеп беруді) үш данада ұсынуға міндеттенеді.

4.4 Орындаушы есептік жылғы __ желтоқсаннан кешіктірмей бөлінген қаражатты пайдалану туралы есеп беруді және орындалған жұмыстар актісін Тапсырыс берушіге ұсынады.

4.5 Ғылыми-зерттеу жұмыстары мерзімінен бұрын орындалған жағдайда Тапсырыс беруші жұмыстарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ақысын төлеуге құқылы.

4.6 Егер ғылыми-зерттеу жұмысын орындау процесінде теріс нәтиже болатыны немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарын одан әрі жүргізудің мақсатқа сәйкес еместігі анықталса, Орындаушы Тапсырыс берушіні жұмыс тоқтатыла тұрғаннан кейін бес күн мерзімде хабардар ете отырып, оларды тоқтата тұруға міндетті.

Бұл жағдайда тараптар жұмысты жалғастырудың мақсатқа сәйкестігі мен бағыттары туралы мәселені қарауға міндетті.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1 Шартта көзделген міндеттемелер орындалмаған кезде тараптар қолданыстағы заңнамада белгіленген шарттарда және тәртіппен жауапты болады.

5.2 Жұмыстар көрсетілген мерзімдерде орындалмаған жағдайда Орындаушы әрбір мерзімі өткен жұмыс күні үшін шарттың жалпы сомасынан 0,01% мөлшерінде бюджет кірісіне тұрақсыздық айыбын төлейді.

5.3 Орындаушы бағдарламалар бойынша жұмыстарды тиісті түрде орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші тиісті Ұлттық ғылыми кеңестің шешімі негізінде орындаудың кез келген кезеңінде оларды қаржыландыруды тоқтатуға құқылы.

5.4 Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қаражаты конкурсқа қатысуға өтінімде көрсетілген ғылыми зерттеулерді жүргізуге тікелей байланысты шығыстарға бағытталады.

5.5 Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қаражатын тиімсіз және негізсіз пайдаланған жағдайда Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

6. Басқа шарттар

6.1 Осы шарт шеңберінде жасалған ғылыми-техникалық өнім, оның ішінде мүліктік құқық мемлекеттік меншік болып табылады.

6.2 Басқа ұйымдардың (үшінші адамдардың) көрсетілетін қызметтеріне арналған шығыстар жиынтықта бағдарламаны қаржыландырудың жалпы көлемінен 30 (отыз)%-дан аспауға тиіс.

6.3 Орындаушы осы Шарт шеңберінде жасалған ғылыми-техникалық өнімді енгізген және өткізген жағдайда Тараптар алынатын пайдадан аударымдардың тәртібі мен мөлшерін айқындайды.

6.4 Ағымдағы қаржы жылына арналған «201__ – 20__ жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына ғылыми зерттеулерге мемлекеттік тапсырысты орындауға бөлінетін қаражатты азайту бөлігінде өзгерістер енгізілген жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың 3.1-тармағына, күнтізбелік жоспарға және техникалық ерекшелікке тиісті өзгерістер енгізуге құқылы.

6.5 Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болып табылады және 20__ жылғы «__» _____ дейін қолданыста болады.

6.6 Ғылыми-зерттеу жұмысы күнтізбелік жұмыс жоспарына және техникалық ерекшелікке сәйкес орындалады.

6.7 Орындаушы ғылыми-зерттеу жұмысын «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-да міндетті мемлекеттік тіркеуге тиіс.

6.8 Орындаушы үшінші адамдардың барлық наразылықтары бойынша жауапты болады.

6.9 Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісімдермен ресімделеді, оларға Тараптардың бірінші басшылары қол қояды.

7. Тараптардың заңды мекенжайлары (жеке парақта орналастыруға болмайды)

Тапсырыс беруші:

«Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі» республикалық
мемлекеттік мекемесі
Астана қ., Достық көшесі, 14
БСН
БСК
ЖСК
Кбе 11

«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық
комитеті» РММ

_____ Т.А.Ә.
М.О.

Орындаушы:

Ұйымның заңды атауы

Заңды мекенжайы
Облыс, қала, көше, үй
БИН XXX XXX XXX ...
БИК XX XX XX
ИИК XXXX XXXX XXXX ...
Кбе XXX

БАНК филиалы және қаласы көрсетілмеген
Тел. **Міндетті түрде (орындаушының
нөмірі)**

_____ Т.А.Ә.
М.О.

(*ескертпе – көк сиялы шарикті қаламсаппен
қол қойылсын, мөр анық болуға тиіс*)

Осы 20_ жылғы «__» _____
 №__ шартқа
 1-қосымша

Күнтізбелік жұмыс жоспары

20_ жылғы « _____ » № _____ шарт бойынша

1. Орындаушының атауы _____
- 1.1 Басымдық бойынша:
- 1.2 Кіші басымдық бойынша:
- 1.3 Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның тақырыбы бойынша: №__ /БНҚ
 « _____ »
- 1.4 Бағдарламаның сомасы _____ теңге.
 (бағдарлама сомасының цифрлық мәні) (сөзбен)
2. Біліктілік белгілері бойынша ғылыми-техникалық өнімнің сипаттамасы және экономикалық көрсеткіштер
 - 2.1 Жұмыс бағыты: _____
 - 2.2 Қолданылу саласы: _____
 - 2.3 201_ жылға арналған түпкілікті нақты нәтиже: _____
 - 2.4 Патенттеу қабілеттілігі: _____
 - 2.5 Ғылыми-техникалық деңгейі (жанашылдық): _____
 - 2.6 Ғылыми-техникалық өнімді пайдалануды жүзеге асырады: _____
 - (Тапсырыс беруші немесе Орындаушы)
 - 2.7 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін пайдалану түрі: _____

Р/с №	Кіші бағдарламалар (бар болса), міндеттер, бағдарлама міндеттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар атауы	Жұмыстарды орындаудың басталуы мен аяқталуы (күні/айы/жылы)		Орындалған жұмыстар, бағдарламаланы іске асырудан алынған нәтижелер (кіші бағдарламалар (бар болса) міндеттер мен іс-шаралар бөлігінде)
		басталуы	аяқталуы	

Ескертпе: кесте конкурстық өтінімнің күнтізбелік жоспарына сәйкес толтырылады

Тапсырыс берушіден:

«ҚР Қорғаныс министрлігі Әскери ғылым және инновациялар басқармасының бастығы»

_____ Т.А.Ә.

М.О.

Орындаушыдан:

«Ұйымның атауы» лауазымы

_____ ұйымның бірінші басшысының Т.А.Ә.

М.О.

Осы 20_ жылғы «__» _____
 №__ шартқа
 2-қосымша

Техникалық ерекшелік
 (сипаттамасы және талап етілетін техникалық сипаттамалар)

20_ жылғы _____ №__ шарт бойынша

_____ орындаушының атауы

1. Басымдық бойынша: _____
2. Кіші басымдық бойынша: _____

Бағдарлама тақырыбының атауы	Кіші бағдарламалар (бар болса), міндеттер, бағдарлама міндеттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар атауы	Орындалған жұмыстар, бағдарламаны іске асырудан алынған нәтижелер (кіші бағдарламалар (бар болған кезде), міндеттер мен іс-шаралар бөлігінде)

Ескертпе: деректер күнтізбелік жоспарға сәйкес келуге тиіс

Тапсырыс берушіден:
 «ҚР Қорғаныс министрлігі Әскери ғылым және инновациялар басқармасының бастығы»

_____ Т.А.Ә.
 м.о.

Орындаушыдан:

_____ «Ұйымның атауы» лауазымы

_____ ұйымның бірінші басшысының Т.А.Ә.
 м.о.

Бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп

№	Шығындар құжатының атауы	Смета бойынша жоспарланған сома	Нақты жұмсалған сома	Қаражатты үнемдеу	Растайтын құжаттар атауы	Ескертпе
1	Жалақы					
2	Ғылыми іссапарлар					
3	Басқа ұйымдар көрсететін қызметтер					
4	Материалдар сатып алу					
5	Жабдық пен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу (заңды тұлғалар үшін)					
6	Ғылыми-ұйымдық сүйемелдеуге арналған шығыстар					
7	Үй-жайларды жалға алу (жеке тұлғалар үшін)					
8	Жабдық пен техниканы жалға алу					
9	Жабдық пен техниканы пайдалану шығыстары					
	Жиыны:					

Ескертпе:

Орындаушы ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Ұйым басшысы

(қолы)

М.О.

Т.А.Ә.

Бағдарлама жетекшісі

(қолы)

Т.А.Ә.

Бухгалтер

(қолы)

Т.А.Ә.

20__ ж. «__» _____